

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У !!!

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығының 3-тарауына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша «№ 45 орта бейіндік мектебі» КММ бос және (немесе) уақытша бос лауазымына педагогтарды тағайындау үшін конкурс жариялайды.

Мекен-жайы: Өскемен қаласы. Қ.Сатпаев даңғылы, 3/1.

Жұмыс тел: 8 (7232) 61-75-36

Эл.почта: 45_mektep_oskemen@vko.edu.kz

Бос және уақытша бос лауазымдар:

1. Бастауыш сынып мұғалімі – 18 сағат (уақытша бос орын)
2. Тарих пәні мұғалімі – 21 сағат (уақытша бос орын)
3. Математика пәні мұғалімі – 20 сағат (бос орын)
4. Математика пәні мұғалімі – 20 сағат (уақытша бос орын)
5. Педагог-ассистент – 2 ставка (бос орын)

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) Қағиданың 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).

10) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 20.08.2025 – 28.08.2025 ж.ж. аралығы

Құжаттарды қарау: 29.08.2025-04.09.2025 ж. аралығы

Конкурс өтетін күн: 05.09.2025 ж. сағат 10.00